



КАЗАК ЭДЕБИЕТИ

12+

1934 жылы
10 қаңтардан шыға бастады

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

www.qazaqadebieti.kz



№34 (3927)
30 тамыз, 2024 жыл

Қазақ әдебиеттану ғылымының алып тұлғаларының бірі, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры Бейсембай Кенжебайұлының (1904–1987) ұстаздық және ғылыми-шығармашылық өмір жолы – мағыналы да мәнді, үлгісі мен өнегесі мол аяулы жол. Бейсекеңнің қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу мен зерделеу жұмыстарын ұйымдастыру және басқару саласында атқарған қызметтерінің әлеуметтік маңызы зор. Қазақ әдебиетінің тарихын VIII ғасырдан VIII ғасырға дейін тереңдетіп, он ғасырға байыту профессор Бейсембай Кенжебайұлының қайтпас қайсар табиғаты, халықтың рухани асыл құндылықтарына деген ерекше құрметі мен сүйіспеншілігі, ғылыми ойлаудағы даралығы мен даналығы нәтижесінде қол жеткен жетістік еді.

Профессор Бейсембай Кенжебайұлы қазақ әдебиетінің тарихын он ғасырға тереңдетті, он ғасырға байытты деген пікір біреулер үшін орынды, біреулер үшін артық айтылғандай болуы ғажап емес. Тұрмыстық ойлау жүйесі тұрғысынан қарағанда, бір адамның бүкіл бір ұлттың әдебиетін он ғасырға байытуы мүмкін еместей көрінетіні де рас. Соған қарамастан, профессор Бейсембай Кенжебайұлы қазақ әдебиетінің тарихын он ғасырға тереңдетіп, он ғасырға байытты деп қайталап айтудан тартына алмаймын. Шынын айтқанда, менің он ғасыр деп отырғаным дәл болмауы мүмкін, одан әл-

БІРТУАР БЕЙСЕМБАЙ



декайда көп болуы да ғажап емес. Олай болатын себебі бар. Бейсекең қазақ әдебиетінің тарихы бойынша бірнеше талантты жасты тәрбиелеп, ғылым жолына салды. Әрқайсысының алдына нақты ғылыми міндет қойып, олардың іргелі зерттеулер жүргізуіне жетекшілік жасады. Хандық дәуір әдебиеті, Алтын орда дәуірінің әдебиеті, түрік қағанаты дәуірінің

әдебиеті тарихы бойынша бірнеше шәкірттері қатар, енді бір шәкірттері бірінен соң бірі шығып, кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғады, монографиялық зерттеулер жазды. Осы бағытта тиянақты, максатты түрде жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижесінде, қазақ әдебиетінің тарихы бірнеше ғасырға тереңдеді.

Қазақ әдебиеті тарихының

XVIII ғасырдан VIII ғасырға дейінгі тереңіне бойлау айтуға жеңіл болғанмен, іс жүзінде үлкен қиындықтармен жүзеге асты. Түрлі елдің кітапханаларын, архивтерін, қолжазба қорларын парактап қараған ізденістер, табылған әдеби үлгілерді сұрыптау мен жүйелеу, зерттеу барысындағы ерен еңбекті айтпағанда, кеңестік идеологияның жаршылары мен жасауылдары тарапынан болған тосқауылдарды, қарсылықтарды, айыптауларды бұзып-жарып шығудың өзі қыруар уақытты, қажыр-қайратты талап етті. Бейсекең қазақ ғылымы мен білімінің өз заманындағы алдыңғы қатардағы зиялыларымен пікірлесе, бірлесе отырып, осы қиындықтардың бәріне төзді, бәрін де жеңіп шықты, ғалым шәкірттерін отқа түсірмеді, суға жібермеді, тырнақтыға ілдірмеді, қанаттыға қактырмады.

Ғалым қазақ әдебиеті тарихын көп ғасырға тереңдету барысында қол жеткен ғылыми нәтижелерді диссертация, монография күйінде қалдырмай, оларды қалың елдің пайдасына, игілігіне асыру жолында да қажырлы еңбек етті. Егер ғылыми-зерттеу нәтижелері халықтың пайдасына аспайтын болса, елдің игілігіне пайдаланылмайтын болса, онда ондай ғылымды да, ондай ғылымның нәтижесін де, ондай ғылым саласындағы ғалымдарды да Бейсекең өз көзқарасы тұрғысынан бағалады.

Өзі жетекшілік жасаған ғылыми бағыт бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелерінің ғылыми және практикалық маңызы мен мәнін өзі тікелей бақылап, қадағалап отырды.

(Жалғасы 6-бетте)

3-бет →




Абай және «Анабасис»: КСЕНОФОНТ ҮНДЕСТІГІ

12-13-бет →



«ХИУАЗ – ҰЛЫ ДАЛА ҚЫРАНЫСЫҢ» Халық Қаһарманы Мәскеуде ұлықталды

14-15-бет →



«БӨТЕН» (Әңгіме)

БАРЛЫБЕК және АТА ЗАҢ

Жер бетінде өмір сүрген мемлекеттердің барлығының дерлік өз заңдары болғанына тарих куә. Мәселен, ежелгі Бабылдағы (Вавилон) «Хаммурапи», Үндістандағы «Ману», Шыңғыс ханның «Яссасы» және Ұлы Даладағы Қасым ханның «Қасқа жолын», Есім ханның «Ескі жолын», өз Тәукенің «Жеті жарғысын» білмейтін адам жоқ шығар. Бұл заңдардың бәрі мемлекеттегі адамдардың құқықтары мен міндеттерін белгілеп берген. Бірте-бірте мемлекеттердің саяси құрылымы жетілдіріліп, қоғамның барлық қырларын қамтитын конституция, яғни Ата Заңдар қабылданды.

Алғашқы Қазақстан конституциясы Совет Одағы құрылғаннан кейін 1926 жылы 18 ақпанда Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы Орталық Атқару комитетінің қаулысымен қабылданды. Бұл заң РСФСР құрамындағы толық құқықты Республика ретінде, Қазақстанның басқару нысанын, мемлекеттік құрлысын, билік, атқарушы-өкім органдарын, олардың

құрылымын бекітті. Азаматтарға сайлау құқығы берілді. Алайда 1920–1930-жылдардағы саяси қуғын-сүргін ауқаты, бай, діндар, зиялы қауым өкілдерін және т.б. сайлау құқығынан айырды. Мәселенің ақ-қарасы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша құрылған Мемлекеттік комиссияның жұмысы барысында анықталды.

Бұдан кейін 1937 жылдың 26 наурызында Советтердің Бүкілқазақстандық Төтенше X съезінде Қазақ ССР Конституциясы, 1978 жылы 20 сәуірде қабылданған Қазақ ССР-ның «кемелденген социализм» кезіндегі заңы қабылданды.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізген тұста, 1993 жылғы 28 қаңтарда тұңғыш рет егемен мемлекеттің Конституциясы дүниеге келді. Ата Заң Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі билікті бөлісу қағидасы, қазақ тілін – мемлекеттік, Президентті – мемлекет басшысы деп тану тәрізді құқықтық нормаларды белгілеп берді. Осы заң негізіне парламенттік республика моделі алынды.

7-бет →



САМАЛ
СЕЗІМ

10-11-бет →

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Сондықтан бұл саладағы әр ғылыми нәтиженің ғылымдағы жаңа білім болуына, ғылымдағы жаңалық болуына ерекше көңіл бөлді. Осындай талаптарға сай жүргізілген зерттеу нәтижелерінің сапалылығына көз жеткізген соң, ғалым оларды университеттің оқу үдерісіне енгізді: жаңа оқу пәндері мен арнаулы курстар оқу жоспарына енгізілді, олардың оқу бағдарламалары, лекциялары дайындалып, оқулықтары, оқу құралдары жазылды. Бірте-бірте ол пәндерді еліміздің жоғары оқу орындарының бәрінде оқытуға қол жетті. Көп ұзамай орта мектептің оқу бағдарламаларына да тиісті өзгерістер енгізілді. Бейсекең қазақ әдебиетінің тарихын он ғасырға тереңдетіп, он ғасырға байытқанда, осылай тереңдетті, осылай байытты. Бейсекең тәрбиелеп өсірген ғалым-ұстаздардың алдынан тәлім-тәрбие алып шыққан кейінгі ғалымдар қазақ әдебиетінің тарихын одан да әрі терең зерттеуге барды, сак, ғұн, скиф дәуірінің әдеби ескерткіштері және олардың қазақ әдеби танымына қатысты туралы қағидалар негізделді.

Бейсекең бізге әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті» пәнінен сабақ берді. Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығы бойынша арнаулы курс оқыды. Ағартушы ақындар, ағартушы демократ ақын-жазушылар туралы, олардың өмірі мен шығармашылығы туралы білім алдық. Сыртқы түр-түсі, кимыл-қозғалысы жинақы, биязы, лекция оқығандағы үні де бір қалыпты. Шашын қысқа алдырған. Костюмінің түймесі үнемі түймеленулі, көйлегі мен галстугы қонымды.

Студенттер арасында Бейсекеңнің Мәскеуде Мағжан Жұмабаевтан оқығаны жайында айтушылар, өзіміз оқып жүрген университетте, Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында М.О. Әуезовпен жиырма жылдан астам жақын таныс-біліс, жора-жолдас, дос болып жүргені, жиырма жылға жуық қызметтес болғаны, М.О. Әуезов ұстаздық еткен қазақ әдебиеті кафедрасында отыз жыл бойы меңгеруші болып келе жатқаны туралы мәлімет беретіндер болды. Ол тұста Мағжан Жұмабаевтың атын атауға болмайтын. Соған қарамастан, Бейсекеңнің Мағжаннан сабақ алғанына, дәріс тыңдағанына ертегідегі бір ерен істей қараймыз. Кейін Бейсекеңнің 1922 жылы Мәскеуде Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде оқып, Мағжан Жұмабаевтан қазақ әдебиеті бойынша сабақ алғанын, алғашқы шығармасын Мағжан Жұмабаевтың жетекшілігімен жазғанын және 1924 жылы Ташкентте шығып тұрған «Жас кайрат» журналында жариялағанын, осы университеттегі әдебиет үйірмесінің жалпы жиналысында ұстазы ұсынған талаптарға сай, Абайдың ақындығы туралы баяндама жасағанын, ол баяндаманың үлкен мақала түрінде 1925 жылы «Абай» деген атпен «Еңбекші қазақ» газетінің екі санында жарық көргенін білдік. Бірте-бірте Бейсекеңе қатысты қандай ірі істер де біз үшін әдеттегідей, солай болуға тиісті секілді болып көріне бастады. Аудиторияда, аудиториядан тыс жерлердегі әңгіме арасында небір маңызды ойлар айтылады. Бейсекеңнің жас кезінде ағарту министрі болғанын айтушылар да табылды. Бәрі де рас екен. Кейін білсек, Бейсекең ағарту министрі болғанда, Алматыда емес, Ташкентте болыпты. Бала кезінде. Ғани Мұратбаев Бейсекең бастаған бір топ жетім балаларды Ташкенттегі мектеп-интернатқа орналастырады. Мектеп-интернаттың оқушылар деңгейіндегі басқару құрылымы үкімет құрылымымен бірдей екен. Мектеп-интернаттың Министрлер кеңесінің төрағасы Нұртас Ондасинов екен де, Бейсекең осы кеңестің құрамында ағарту министрі болыпты. Біз бұған да әдеттегідей қарадық. Өйткені бұл тұста Бейсекеңнің қандай министрден де абыройлы, құрметті, ардақты адам екені туралы ұғымымыз қалыптасып қалған еді.

Пәнді оқу барысында, XX ғасырдың басындағы қазақ ақын-жазушыларының өмірі мен шығармашылығы айналасында кезінде, қарама-қарсы пікірлердің қатып қайшыласқанынан хабардар болдық. 1926 жылы Міржақып Дулатов «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» деген кітап шығарып, онда «Абай өлеңдері» деп ата-

көңілім толып, сондай разы болғаным есімде. Бейсекеңнің арнаулы курсын тыңдап отырғанда, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылық өмірі туралы мектептегі мұғалімімнің сабағын есіме алдым. Бейсекеңнің арнаулы курсы арқылы Сұлтанмахмұттың өзінің ғана емес, әр сөзінің, әр ойының өмір-тарихынан

БІРТУАР БЕЙСЕМБАЙ



Бейсембай Кенжебаев пен
Ғали Орманов

латын еңбекке берген сипаттамасында Бейсекеңнің 1925 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Абай» мақаласынан мынадай үзінді берген екен: «Абай — қазақ ақыны... Абайдың ұстаған жолы, көздеген мақсаты — елді түземек болған. Абай — ілгерішіл ақын». ҚазАПП-тың мәжілісінде, Өлкелік партия комитетінің баспасөз бөлімін басқаратын қызметкер осы сөзді «алашордашыл ұлтшылдар» өз мақсаттары үшін пайдаланып отырғанын айтып, сөз иесі Б.Кенжебаевқа «жаудың көмекшісі», «ұлтшыл» дегендей айып тағыпты. Осындай сынның жүзінен сактана жүріп, Бейсекеңнің XX ғасыр басындағы ақын-жазушылардың шығармашылығының, өмірі мен қызметінің әр сәтін, әр қырын бір талдап тандап, талғап алғанын, қарама-қарсы пікірлердің қайшыласқан өрісінен аман-есен алып шыққанын, сөйтіп, елдің игілігіне айналдырғанын білдік.

Бейсекең оқыған Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығы туралы арнаулы курстан да ойланып, ойымызға ой қосып шықтық. Мектепте Сұлтанмахмұттың өмірі мен шығармашылығы туралы Шайбек Шоңов деген мұғаліміміздің сабағынан алған әсерім әлі күнге дейін көңілімде. Өзі КазГУ-ді бітірген, М.О. Әуезовтен де, Бейсекеңнен де сабақ алған. Сол ағайымыз Сұлтанмахмұттың өмірімен, заманымен, халық өмірінің жағдайымен сабақтастырып, ақынның он тоғыз жасында:

*Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам.*

Қараңғылықтың кезіне,

Күн болмағанда, кім болам?! —

деп жазған өлең жолдарын барынша толғанып, ақын жанының шыны мен сырына өз жанының шыны мен сырын қосқандай болып тебіреніп айтқанда, тебіреніп талдағанда, өзімнің қатты әсерленгенім, ақынның ойының абзалдығына, арманының асылдығына

мәлімет алдық. Уақыттың қылт еткенді қалт жібермейтін қарауылдары ақынның атынан да дұшпандық ізін көріпті, ақынның менің есімде мектеп қабырғасында жүргенде жатталып қалған «қараңғы қазақ көгі», «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болу» секілді сөздерінің өзінен «дұшпандық» іздегендер болыпты. Ақынның ұлтына деген ұлы құрметі мен сүйіспеншілігінен дұшпандық іздегендер Бейсекеңді де аямапты. Бейсекеңнің алдынан сабақ алып жүріп, ол кісінің өмірінің осындай қилы кезеңдерінің біраз шындығына қанықтық.

Бейсекең зейнетке шыққаннан кейін де кафедрамен байланысын үзген жоқ. Біз де барып, хал-жағдайын біліп, сәлем беріп тұрдық. Бейсекеңнің қас-қабағына қарап, баладай бағып-қағып отырған өкіл баласы әрі шәкірті Құлбек пен Баянның дастарқанының басында Бейсекеңнің кесесіне қол жалғап, бірге отырдық, дәмдес болдық. Әңгіме айта қалса, Құлбектің қаламы мен қағазы дайын, жазып отырады. Ағамыздың сөзін біз де үлкен ыждағатпен тыңдаймыз. Бірақ бір нәрсе жайлы сұрап, мазаламаймыз. Шаршатып аламыз ба деп тартынамыз. Құлбек сөздің орайына қарай, Бейсекеңді сөйлетіп алғысы келіп отырады, Бейсекеңнің әр сөзін алтынға балайды. Оңашада Бейсекеңнің осы сөздерінің ізімен кейін роман-эссе жазбақ ойы барын айтады. Біз мақұлдаймыз.

Бейсекеңнің кітапханасы бай еді. Іздегенде таптырмайтын небір кітаптары болды. Соларды көріп, сүйсінсем, Құлбек Бейсекеңнің кітапханасының бұрынғы байлығы жайында әңгімелейді. XX ғасырдың елуінші жылдарының басында Бейсекең қуғын көріп, жұмыстан босап қалғанда, күнкөріс үшін кітапханасындағы сирек кездесетін құнды кітаптарының бірталайын сатуға мәжбүр болған екен. Құлбектің әңгімесінен кейін, ішім удай ашыды: ел кітапханаларынан іздеп таба алмай жүрген бірнеше кі-

табым бар еді, әлгі сатылған кітаптардың ішінде солар да кеткендей сезіндім.

Құлбек Бейсекеңнің кітаптарына көзінің қарашығындай қарады. Ешкімге бермеді. Бейсекеңнің кітапханасының есігін көбіне жабық ұстады. Соған қарамастан, Бейсекеңнің бір кітабын бірер күнге сұрадым. Құлбек Бейсекеңнің кенже баласындай, мен ертерек еншісін алып, бөлек үй болып кеткен үлкен баласы сияқтымын. Бейсекеңе бірдене жайында бір ауыз сөз айтар болсам, алдымен, мұныма Құлбек қалай қарар екен деп ойланып аламын. Бейсекеңнің рұқсатымен Құлбек сұраған кітабымды қолыма ұстатты. Көңілім толып, мәз болдым. Ол кітап Шоқан Уәлихановтың 1904 жылы Н.И.Веселовскийдің редакциясымен «Орыс географиялық қоғамының этнография бөлімшесі бойынша жазбаларының» арнайы томы (XXIX том) түрінде шыққан «Ш. Ш. Уәлихановтың шығармалары» еді. Кітаптан менің көзіме ыстық көрінгені, Едіге туралы материалдар болды. Бұрын сирек кездесетін кітаптар қорынан Едігенің биліктері туралы үзінді түрінде жазып алған мәліметтерімді осы кітаптан толық алдым.

Едігенің биліктері туралы мәліметтерді біршама толық алғаныма қуанып тұрғанда, Құлбек Бейсекеңнің қилы жылдары «Едіге батыр» жырын қалай қорғағаны туралы әңгімелейді. Халық үшін жат саналып қалған жыр жайында Бейсекеңнің XX ғасырдың отызыншы жылдарының аяғынан қыркыншы жылға дейін бірнеше мақала жазғанын, ол мақалаларында «Едіге батырды» халықтық тұрғыдан бағалағанын, оған қорған болғанын Құлбектің әңгімесінен білдім.

Едігенің билігі, Едіге мен Токтамыстың арасы туралы Бейсекеңнің кітапханасынан алған сол мәліметтерді кандидаттық диссертациямда да, докторлық диссертациямда да пайдаландым. Кейін билер дәуірінің әдебиеті туралы зерттеулерімде де пайдасы тиді. Бүгінде осы жайларды есіме алып, іштей «жақсыдан — шарапат» деген осы екен-ау деп ойға қаламын. Қолымдағы түрлі дерек көздері, мәліметтер негізінде Бейсекең қорғаған, Бейсекең қолдаған Едігенің ғылыми өмірбаянын жазу туралы ойладым, жаздым...

Бейсембай Кенжебайұлы өзінің азаматтық болмысының асылдығымен, өмірлік ұстанымдарының беріктігімен, ғылыми-шығармашылық, ұстаздық еңбегінің ізгілігімен қазақ әдебиеттанушыларының бірнеше буын өкілдеріне өшпейтін үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие берді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Бейсембай Кенжебайұлы негізін қалаған ғылыми бағыт, Бейсембай Кенжебайұлы қалыптастырған ғылыми мектеп қазақ халқының қоғамдық санасының жаңаруына, ұлттық құндылықтарының дамуына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына зор ықпал етті. Ғалымның өзі негізін қалаған ғылыми бағытымен, қалыптастырған ғылыми мектебімен халықтың қоғамдық санасының жаңаруына, ұлттық құндылықтарының дамуына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына аса зор ықпал етуі екінің бірі емес, ілуде бір ғұламаның ғана қолынан келеді. Бейсембай Кенжебайұлы — қазақ әдебиеттану ғылымының тарихындағы ілуде бір кездесетін ерен тұлға. Осы ретте Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлының Бейсембай Кенжебайұлы туралы айтқан мынадай қанатты сөзін қайталағым келеді: «Мені жұрт батыр дейді, халық құрметіне рақмет! Бірақ мен әдебиет майданының бір батырын білемін, мақтан тұтамын. Ол — профессор Бейсембай Кенжебаев. Ұлт әдебиетін сан ғасырларға ілгерілетуден артық қандай батырлық керек? Қазақ әдебиеті тарихын зерттеуге бар ғұмырын арнап келе жатқан ол — нағыз қаһарман!»

Нағыз қаһарман Бейсембай Кенжебайұлының дүниеге келгеніне биыл 120 жыл болды. Алла рақым етсін ұстаздың рухына!

Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор